Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы ЖШС « Нұр-Әли »
Топ ересек тобы «Аққу»
Балалардың жасы 4-жас
Жоспардың құрылу кезеңі 01-02 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 01.09.2022	Жұма 02.09.2022
Балаларды қабылдау				Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. **Сөйлеуді дамыту**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **Сөйлеуді дамыту**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру				Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. «Білім» күніне орай өткізілетін іс-шарамен қысқаша таныстыру.	Жаңа оқу жылында ата-аналарды балабақшаішілік жұмыстарға белсенді болуға,тығыз қарым-қатынасқа шақыру. (Қоршаған орта)
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)				**Үстел-үсті ойыны** «Жыл мезгілдері» **Мақсаты:** Күз мезгілінің алғашқы күнімен таныстыру. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажыратуды үйрету.	**Сюжеттік ойын** «Менің балабақшам» **Мақсаты**: Балабақша қызметкерлерінің қызметтерімен таныстыру. **Көркем әдебиет**

Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (**қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**). Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.			**№1**	**№2**
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті** (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Гигиеналық шаралар** (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				**Дене шынықтыру** **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар.** **Мақсаты:** Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. Спорттық ойын элементтері: кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру. **ЖДЖ:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары	**Дене шынықтыру** **Жалпы дамытушы жаттығулар. Жүру.** **Мақсаты:** Балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдар-ды дұрыс орындау білік-тері мен дағдыларын қалыптастыру; жүру мен жүгіруде, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбие-леу. Кішірейтілген тірек алаңы бойынша тепе-теңдік сақтауға үйрету. **ЖДЖ:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру,тұрған қалыпта

				көтеру,тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолды айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылу, екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею; қолдың ұшын аяқ ұшына жеткізу. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Тепе-теңдікті ұстап жүру. 2. Түрлі тәсілдермен жүру. **Ойын:** «Қаппен жүгіру» ойынын ойнау. **Қортынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуын жасау. **Қазақ тілі** Тілдік дамытушы орта. Балаларды балабақшаға байланысты сөздермен таныстыру. Сұрақты дұрыс қабылдауға, қойылған талаптарды орындауға үйрету.	қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолды айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылу, екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею; қолдың ұшын аяқ ұшына жеткізу. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Кішірейтілген тірек алаңы бойынша тепе-теңдікті ұстап жүру. 2.Кішкентай допты еденге ұру және жоғары лақтыру,оны қағып алу. **Ойын:** «Үлкен және кіші дөңгелек» ойынын ойнау. **Қорытынды:**Бір-бірден бір сапқа тізіліп жүру.

				«Қ», «ұ», «ы» , «і» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын сөйлемдер құрастыруға үйрету.	
Серуенге дайындық				Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).
Серуен				№1	№2
Серуеннен оралу				**Сурет салу** Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтары, үй, трамвай, автобус; серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу;	Серуен кезінде күннің суретін салуды үйрету. (Сурет салу)
Түскі ас				Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)

Күндізгі ұйқы				Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау (баяу музыка тыңдау).	Кітап, журналдар оқып беру (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары				№1	№2
Бесін ас				Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар).	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу **Сөйлеуді дамыту**
Балалардың дербес іс-әрекеті				**Дидактикалық ойын** «Көп және аз» Мақсаты: Заттарды салыстыра білуге үйрету. **Математика негіздері**	**Дидактикалық ойын** «Көршісін тап» Мақсаты: Сандарды реттілікпен қоюды үйрету. **Математика негіздері**
Балалармен жеке жұмыс				Айсұлтанға сөйлем құрастыра білуге үйрету. Отбасы мүшелері жайлы әңгіме жүргізу. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Айсұлтанға көлік түрлерін ажырата білуге баулу. **Қоршаған ортамен таныстыру**
Серуенге дайындық				Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.
Серуен				№1	№2

Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті Қимылды ойын «Кегли» Шалқанның мүсінін ермексаздан жасау **Мүсіндеу** Балалардың еркін ойыны
Балалардың дербес іс-әрекеті	Түрлі балалар әрекетінде (ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу ,эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) іске асырылады Отбасының әлемі туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру **Қоршаған ортамен таныстыру**
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. Балабақшаға балалардың топқа киетін киімдерін алып келуді айту.

Тәрбиеші:

Тексерілді
Әдіскер Ишанкулова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы ЖШС «Нұр-Әли»
Топ ересек тобы «Аққу»
Балалардың жасы 4- жас
Жоспардың құрылу кезеңі 05-09 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 05.09.2022	Сейсенбі 06.09.2022	Сәрсенбі 07.09.2022	Бейсенбі 08.09.2022	Жұма 09.09.2022
Балаларды қабылдау	Әнұран айту. Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. Көк байрақтың кескінін жапсыру. **Жапсыру**	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Мамандықтар туралы сұрақтар қою. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Бақша ауласындағы көкөністермен танысту. Жақсы көңіл күй сыйлау. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. **Сөйлеуді дамыту**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **Сөйлеуді дамыту**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Қимылды ойын** «Үшты-ұшты» **Мақсаты:** Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру**	**Сюжеттік ойын** «Мен дәрігер боламын» **Мақсаты:** Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. **Сөйлеуді дамыту**	**Үстел-үсті ойын** «Әдемі үйшік» **Мақсаты**:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады **Құрастыру**	**Сюжеттік ойын** «Шаштараз» **Мақсаты:**Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. **Көркем әдебиет**	**Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты:** Сандарды тура және кері санай білуге үйрету **Математика негіздері**
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені **(қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.				
	№3	№4	№5	№6	№7
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету,				

	кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Музыка** **Тақырыбы: «Менің туыстарым»** **Мақсаты:** Музыкалық шығарманы тыңдап,қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. **1.Алма биін билету әуеннің ырғағына еркін би қимылдарын жасайды.** Би барысында секіртпелі қимылды, орын ауыстыру, бір қырымен Санамақ айтып,көңілденуге шақырады. Алма туралы **2. Музыка тыңдау: «Атам әже»** **3.Ән айту:**«Жақсы көрем атамды» б.Бейсенова **4. Музыкалық-**	**Дене шынықтыру** **Саппен жүру.** **Мақсаты:** Сапта бір-бірлеп жүру. Жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру. Түрлі тапсырма-лармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. Ептілік, күш, шапшаңдық сияқты қасиеттерді дамыту. Қапшықты алысқа лақтыруға жаттықтыру және заттар арасымен допта рды құрсауларды домалатуды үйрету. Балалардың қимыл-қозғалыс	**Музыка** **Тақырыбы: «Қос дабыл»** (Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын) **Мақсаты:** Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу. **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** **2. Ән айту.** Гүрілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Там – та – ра –там. Там – та – ра – там. Там – та – ра –там. Там – та – ра – там. Шіңкілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти.	**Дене шынықтыру** **Қатармен жүру.** **Мақсаты:** Сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Қатарға бір-бірден сапқа тұру. Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайта құру, бағдар бойынша түзелу. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Доп лақты-ру және допты екі қолмен қағып алу дағдыларын дамыту. Заттар арасымен турабағыт бойынша төрттағандап еңбектеуді үйрету. Қол, иық, дене бұлшықеттерін дамыту. **ЖДЖ:**Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру,тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолды	**Дене шынықтыру** **Доппен ойын.** **Мақсаты:** Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру. Допты екі қолымен қағып алуға үйрету. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Допты еденге ұру дағдыларын дамыту. **ЖДЖ:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру,тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолды айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылу, екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею; қолдың

	ырғақты қимыл: Әуенді- қимылды ойын: «Қандай аспап» төменгі дыбыстарға сай қоңырауларды сылдырлату. Балалардан музыка ойналғанда қай қоңырау сылдырлауы керек екенін сұрап, жеке шақырып сылдырлатқызу. **Әуенді-ырғақты қимыл:** «Биге шақыру» Бір баланы ортаға шақырып өзіне сынар іздеп табуына ықпал жасау.	белсенділігін арттыру. Бірлескен жұмыста татулыққа, достыққа баулу.**ЖДЖ:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру,тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолды айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылу, екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею; қолдың ұшын аяқ ұшына жеткізу. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары** 1. Заттар арасымен доптарды құрсауларды домалату. 2.Қапшықты алысқа лақтыру. **Ойын:** «Түлкі» ойынын ойнау. **Қорытынды:**Жалауша ұстап, бір-бірден бір сапқа тізіліп жүру.	Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші.) Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады.	айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылу, екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею; қолдың ұшын аяқ ұшына жеткізу. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.8 мдейінгі қашықтықтағаттар арасымен турабағыт бойынша төрттағандап еңбектеу. 2. Доп лақтыру және допты екі қолмен қағып алу. **Ойын:** «Асық тасу» ұлттық ойынын ойнау. **Қорытынды:** Бір-бірден бір сапқа тізіліп жүру. **Қазақ тілі** Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға	ұшын аяқ ұшына жеткізу. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүру. 2.Допты екі қолымен қағып алу. 2. Допты еденге ұрып алға жылжу. **Ойын:** «Тордан допты өткізу» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Бір-бірден бір сапқа тізіліп

				үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. **(қоршаған ортамен танысу)**
Серуен	№3	№4	№5	№6	№7
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау.	Серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу. **Сурет салу**	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру.	Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)

Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі қою. **Көркем әдебиет**	«Бесік жырын» тыңдату	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. **Көркем әдебиет**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау (баяу музыка тыңдау).	Кітап, журналдар оқып беру. **Көркем әдебиет**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№3	№4	№5	№6	№7
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. **Көркем әдебиет**	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес іс-әрекеті	Дербес ойын «Менің балабақшам». Мақсаты: Түрлі – түсті ағаштардың биік ғимарат құрастыруға үйрету. **Құрастыру**	Шығармашылық жұмыс Ертегіні оқи отырып, мазмұнын суреттер арқылы түсіндіре алуға үйрету. **Көркем әдебиет** **Сурет салу** **Мүсіндеу**	Қимылды ойын «Қандай пішін» Мақсаты: Заттарды пішіндермен сәйкестендіре отыра жапсыру, жылдамдыққа үйрету. **Жапсыру**	Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Жапсыру**	Дербес ойын «Пазл» Мақсаты:Балалар пазлдың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. **Құрастыру**
Балалармен жеке жұмыс	Дарынмен нейрожаттығулар жасау	Мирсатпен пайдалы және зиянды тағамдар плакат жасау. **Жапсыру**	Мұраталиге қаламды дұрыс ұстауды үйрету.	Отбасы мүшелері жайлы әңгіме жүргізу. **Жапсыру**	Айсұлтанға көлік түрлерін ажырата білуге баулу. **Жапсыру**
Серуенге дайындық	Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру	Құмнан түрлі құрылыстарды құрастыру үшін формаларды дайындау. **Құрастыру**	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотриканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.

Серуен	№3	№4	№5	№6	№7
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. **Қимылды ойын: «Қу түлкі»** Ауланы таза ұстау керектігін, аула сыпырушының еңбегін бағалауды түсіндіріп, су сепкішті пайдалануды үйрету. Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Түрлі балалар әрекетінде (ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу ,эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) іске асырылады. **Дербес ойын «Мозайка»** Мақсаты: Балалар мозайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. **Құрастыру**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. Ата-аналармен баланың балабақшаға бейімделуі жайында сұхбат.				

Тәрбиеші

Тексеруші
Әдіскер Ибрашкулова
Аманат

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы ЖШС «Нұр-Әли»
Топ ересек тобы «Аққу»
Балалардың жасы 4-жас
Жоспардың құрылу кезеңі 12-16 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 12.09.2022	Сейсенбі 13.09.2022	Сәрсенбі 14.09.2022	Бейсенбі 15.09.2022	Жұма 16.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балабақша туралы сұрақтар қою. **Сөйлеуді дамыту**	Әңұран айту. Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. Көк байрақтың кескінін жапсыру. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Бақша ауласындағы көкөністермен таныстыу. Жақсы көңіл күй сыйлау. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Әңұран айту. Балалармен әңгімелесу Күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын балалардан сұрау. **Көркем әдебиет**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **Сөйлеуді дамыту**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-	**«Жұбын тап»** ойыны **Міндеті:** Балалардың алдына екі бөлікке бөлінген жұмыртқа-ларды беріп, түстерін тауып сәйкестендіруге үйрету.	**«Көңілді көліктер»** Көліктің дөңгелегін орналастыру (ұсақ қол мотори-касына арналған ойындар) **Қимылды ойын: «Жемістерді тер»**	**«Көңілді бояулар» Міндеті:** Суреттерді бояу. Балаларға қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру **Сурет салу**	**«Бауырсақ» ертегісі Міндеті:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру. **Көркем әдебиет**	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойын-дарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (ұсақ қол моторика-

әрекеттер)	**Математика негіздер «Көңілді қалам»** Балалармен бірлесіп плакатта сурет салу **Сурет салу**	**Қоршаған ортамен таныстыру**			сына арналған ойындар).
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені **(қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.				
	№8	№9	№10	№11	№12
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Сөйлеуді дамыту				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Музыка Тақырыбы: «Музыкалық моншақтар»** **Мақсаты:** Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші	**Дене шынықтыру Саппен жүру.** **Мақсаты:** Сапқа тұру, аяқтың ұшы, өкшемен жүру, баяу қарқынмен жүгірді жүгірумен алмастыру; Балалардың доптармен ойындарын одан әрі жетілдіру. Жан-жаққа шашырап жүру және жүгіру түрлерін жетілдіру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Допты бір-біріне домалату дағдыларын бекітіп, 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіруді үйрету. **ЖДЖ:** Қолды алға, екі	**Музыка** **Тақырыбы: «Балақан да алақан»** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атауға,білуге үйрету. **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. Музыка ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар, не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар	**Дене шынықтыру Саппен жүру.** **Мақсаты:** Сапта бір-бірлеп жүру. Жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және	**Дене шынықтыру Спорттық ойындар.** **Мақсаты:** Балалардың доптармен, құрсаулармен, ойыншықтармен ойындарын жетілдіру, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға

	моншақтар – қысқа дыбыстар. **1. Балалар көңілді музыкамен адымдап әуен залына кіреді.** Әуен ырғағына сай әртүрлі жүріс-тұрлерін жасайды. Отбасы мүшелерінің мамандықтардың суреттері ілінген. Балалармен отбасындағы дәстүрлі мерекелер туралы әңгімелесу. Отбасы туралы тақпақ, мақал-мәтел сайысын ұйымдастыру. **2. Музыка тыңдау «МеніңОтаным».** Ө.Байділдаев. -Отандегеннемене? **3. Ән айту.** «Ата ананы тыңдаймыз». Бота Бейсенова түсіру. 2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. 3. Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. 4. Жалаушаны ұстап жүру.	жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолды айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылу, екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею; қолдың ұшын аяқ ұшына жеткізу. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. 2. Допты бір-біріне домалату. **Ойын:** «Торғайлар мен мысық» ойынын ойнату.	«кінәлі бала» болып табылады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін өлең, тақпақ айтқызып, билетеді. **2. Ән айту.** Кел балалар, шапалақтап Алақанды ұрайық. Жаңылғанды ортаға ап, Бір өнерін сұрайық. Қ – сы Ла – ла – ла – ла, Балақан. Ла – ла – ла –ла, Алақан. Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына ән, би, немесе тақпақ сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады. Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді. Соғылғанда алақан, Жаңылдың сен, балақан. Шаю үшін кінәңді, Көрсет бір өнеріңді.	баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. Жаттығуларды орындау барысында бір-бірден тізбекпен және жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттықтыру. Шыдамдылыққа, ептілікке баулу. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуға және тақтай бойымен жүру барысында тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. **ЖДЖ:** Екі қолды белге қойып екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі доп ы өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан 4-5 рет жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақпен екі тұсқа көтеріп, отыру. Аяқтың ұшын созу, табанды бүгу.	ынталандыру. Гимнастикалық орындық үстімен допты жоғары көтеріп тепе-теңдік сақтауға үйрету. Ойындарға және жаттығуларға оң көзқарасты және оларды қажетсіну дағдысын қалыптастыру. Кішкентай допты еденге ұру дағдысын қалыптастыру. **ЖДЖ:** Екі қолды белге қойып екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі доп ы өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан 4-5 рет жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақпен екі тұсқа көтеріп, отыру. Аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Гимнастикалық

				Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу. (1.5 м қашықтықта). 2. Тақтай бойымен жүру. **Ойын:** «Үлкен және кіші дөңгелек» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Бір-бірден бір сапқа тізіліп жүру. Жалпы балаларды мадақтау. **Қазақ тілі** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Бөбекжай-бақшада жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не	орындық үстімен допты жоғары көтеріп жүру. 2.Кішкентай допты еденге ұру. **Ойын:** «Тақия тастамақ» ұлттық ойынын ойнау. **Қортынды:** Тыныс алу жаттығуларын жасау.

				істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету.	
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа – рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.
Серуен	№8	№9	№10	№11	№12
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі **Сөйлеуді дамыту**	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету. **Қимылды ойын: «Сапқа тұр»** **Мақсаты:** Балаларды қатарға, сапқа тұруды көрсету.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.
Түскі ас	**Астарың дәмді болсын!** Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның	**Ойын- жаттығу:** Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	**Бата беру** Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін!	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу,

	қиқымын жерге тастамауға үйрету.			**«Ас – адамның арқауы»** **Мақсаты:** Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. **Көркем әдебиет**	**Ас қайыру** Дастарқанына береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Әумин
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату **(музыка)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі **(көркем әдебиет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка **(музыка)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	«Сандар» әнін тыңдату. **(математика негіздері)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№8	№9	№10	№11	№12
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. **(Көркем әдебиет)**	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес іс-әрекеті	**«Менің балабақшам»** Суреттер әлеміне саяхат **Қоршаған ортамен таныстыру**	**«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны** Мақсаты: Пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу. **Математика негіздері** **Сурет салу** **Мүсіндеу**	**«Өз үйін тап» ойыны** Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру. **Математика негіздері**	**«Өз орнын тап» ойыны** Мақсаты: түстерді тануға үйрету.	Үстел -үсті ойыны пазл: **«Үйшік құрастыр»** Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту. **Құрастыру**

Балалармен жеке жұмыс	**Саусақ жаттығуы:** **«Қоңырау»** Сыңғырлайды қоңырау, Сыңғыр-сыңғыр етеді. **Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту. Аделя, Досжан	**Көркем әдебиет** **«Менің ойыншықтарым»** **М.Әлімбаев** Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. Арман, Жандос	**Саусақ жаттығуы:** **«Қояның құлағы»** Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. **Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту. Жансая, Аяла	**Сөйлеуді дамыту** «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли **Мақсаты:** Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Бекзат, Нұркен	**Саусақ ойыны:** Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. Айлин, Нұржігіт
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Құмнан түрлі құрылыстарды құрастыру үшін формаларды дайындау.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотриканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.
Серуен	№8	№9	№10	№11	№12
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті Қағазды түрлі бағытта бүктеу арқылы ұшақ жасау. Ұшақты ұшырып ойнау. **Құрастыру** **Қимылды ойын** «тракторшылар»				

Балалардың дербес іс-әрекеті	Түрлі балалар әрекетінде (ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу ,эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) іске асырылады Ұлттық ойын «Ханталапай», «Орамал тастамақ» және т.б ойындармен танысытыру **Қоршаған ортамен таныстыру**
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

Тәрбиеші:

Тексерілді
Әдіскер Ибрашкулова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы ЖШС «Нұр-Әли»
Топ ересек тобы «Аққу»
Балалардың жасы 4- жас
Жоспардың құрылу кезеңі 19-23 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 19.09.2022	Сейсенбі 20.09.2022	Сәрсенбі 21.09.2022	Бейсенбі 22.09.2022	Жұма 23.09.2022
Балаларды қабылдау	Әңұран айту. **«Күннің сәулесі шықты»** Мақсаты: Күн туралы түсінігін кеңейту, «Ыстық», «Терледім», «Көлеңкеге тығылайық» сөздерінің мағынасына қарай қимыл жасауға үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Сюжетті ойын: **«Дүкен»** Мақсаты: Сатушының рөлін ойнай білу біліктілікке үйрету. **Көркем әдебиет**	**«Оң және сол»** Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынны ң мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. **Математика негіздері**	Таңертеңгі жаттығу «Қайырлы таң қолым» - алақанды сипаймыз. «Оянамыз көздерім!»- шапалақтаймыз.	**«Атын атап бер»** Мақсаты:түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балалардың киіну реттілігін үйде де қадағалап отыруларын айту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Бексултанның ата-анасына дене шынықтыру формасын алып келуді айту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Аруананың ата-анасына қаламды сол қолына ұстайтындығын айту.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу	**Сурет салу** «Тостаған»	**Құрастыру** «Ойыншық	**Сөйлеуді дамыту** «Менің сүйікті	**«Жоғарыда– төменде, биік-**	Сюжетті ойын: **«Аурухана»**

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету.	домбыра» **Мақсаты:** Домбыра құрастыруға үйрету, ой – қиялын дамыту, олардың негізгі бөліктері мен ұсақ бөлшектерін ажырата алуға және өздерінің іс – әрекетін алдын ала жоспарлап дамыта алу дағдыларын қалыптастыру.	ойыншығым» **Мақсаты:** Ойыншықтардың суретіне қарап әңгіме құрастыра білуге ,«д», «т» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету,тілдерін дамыту; ойыншықтарды бөлісіп,ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.	**аласа»** Мақсаты: жоғары-өмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау. **Математика негіздері**	Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығу шылықтарын арттыру. Бір - біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (**қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.				
	№13	№14	№15	№16	№17
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті** (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Ойын-жаттығу** **«Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Музыка** **Тақырыбы: «Музыкалық моншақтар»** **Мақсаты:** Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол	**Дене шынықтыру** **Шашыраң жүгіруге жаттықтыру.**	**Музыка** **Тақырыбы: «Көлеңке»** **Мақсаты:** Балаларды дыбыстың ұзақтығын	**Дене шынықтыру** **Қимылды ойындар.** **Мақсаты:**	**Дене шынықтыру** **Қимылды ойындар.** **Мақсаты:** Сапқа тұру, сапқа

	ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар. **1. Балалар көңілді музыкамен адымдап әуен залына кіреді.** Әуен ырғағына сай әр-түрлі жүріс-түрлерін жасайды. Отбасы мүшелерінің мамандықтардың суреттері ілінген. Балалармен отбасындағы дәстүрлі мерекелер туралы әңгімелесу. Отбасы туралы тақпақ, мақал-мәтел сайысын ұйымдастыру. **2. Ән айту.** «Ата ананы тыңдаймыз». Бота Бейсенова «Ұстаз ана» Бота Бейсенова.. Әндіайтааралдындасипатынажыратыпэ уенінемәнберіп, таза орындаукажет..Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіру,ән айту ережелерін естен шығармау. **4. Музыкалық-ырғақты қимыл:** «Ақ қайың»биі. Ақ қайың-сұлу, биік ағаш. Би әуеніне аяқтың ұшымен, жұптасып билеуге болады.	**Мақсаты:** Жаттығуларды орындау барысында бір-бірден тізбекпен және жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттықтыру. Шыдамдылыққа,ептілікке баулу. Балаларға көшеде ойнауға болатын қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату. (Велесипед, самакат тебу. Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу). **ЖДЖ:**Екі қолды белге қойып екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі доп ы өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан 4-5 рет	ажырата білуге үйрету.Әуендітыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу. **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Көлбең көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қане қатар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық **2. Ән айту.** Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді. Көлеңкелер қайталап қимыл жасайды. Көлбең – көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қасқыр қалай жүреді, Кім көрсете біледі? **3.Музыкалық-ырғақты қимыл:** (Қасқырдың жүрісін бейнелейді)	Қапшықты нысанаға дәлдеп лақтыруға үйрету және көзбен мөршерлей білу дағдыларын дамыту. Ұжым болып ойнауға тәрбиелеу. Гимнастикалық қабырға арқылы өрмелеуге жаттықтыру. **ЖДЖ:** Екі қолды белге қойып екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі доп ы өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан 4-5 рет жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақпен екі тұсқа көтеріп, отыру.	құрылымын өзгертіп қайта тұру. Қатарға бір-бірден сапқа тұру. Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайта құру, бағдар бойынша түзелу. Сапта бір-бірлеп жүру. Жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекші-мен ауыса отырып жүгіру. Табан мен алақанға сүйеніп төрттаған-дап еңбектеуді үйрету. **ЖДЖ:** Екі қолды белге қойып екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі доп ы өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу;

		жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақпен екі тұсқа көтеріп, отыру. Аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** Велесипед, самакат тебу. Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. (далада) **Қорытынды:** «Ағаш жару» тыныс алу жаттығуын жасау.		Аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Қапшықты нысанаға дәлдеп лақтыру. 2.Гимнастикалық қабырға арқылы өрмелеу **Ойын:** «Арқан тартысу» ойынын ойнау. **Қорытынды:**Бір-бірден бір сапқа тізіліп жүру. **Қазақ тілі** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Күз» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; мұғалім қойған «Бұл не?», «Жылдың қай мезгілі?» сұрақтарына қазақ тілінде жауап беруге үйрету; Қазақ тіліне тән дыбыстарды	екі аяқты кезекпен алға өкшемен содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан 4-5 рет жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақпен екі тұсқа көтеріп, отыру. Аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Табан мен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеу. 2. Қапшықты нысанаға дәлдеп лақтыруды қайталап, бекіту. **Ойын:**«Үйсіз қоян» ойынын ойнау

				дұрыс айтуға, шағын сөйлемдер құрастыруға үйрету.	
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. **(Қоршаған ортамен танысу)**
Серуен	№13	№14	№15	№16	№17
Серуеннен оралу	«Жыл мезгілдері: жаз, күз белгілері» **Мақсаты:** Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету. **Қимылды ойын: «Сапқа тұр»** **Мақсаты:** Балаларды қатарға, сапқа тұруды көрсету.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.

Түскі ас	**Бата беру** Асқа байлық, Денге саулық. Тамақ берген апайға көп-көп рахмет! **Сөйлеуді дамыту**	**Ойын-жаттығу:** Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	**Бата беру** Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін!	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **«Ас – адамның арқауы»** **Мақсаты:** Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. **Көркем әдебиет**	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүртү және орамалды орнына ілу, **Бата беру** Дастарханың бай болсын. Қазан-ошағың май болсын. Төрт түлігің сай болсын. Көңілің толып жай болсын!
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату **Музыка**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі **Көркем әдебиет**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка **Музыка**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі **Көркем әдебиет** **Сөйлеуді дамыту**	«Сандар» әнін тыңдату. **Математика негіздері**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№13	№14	№15	№16	№17
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. **(Көркем әдебиет)**	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.

Балалардың дербес іс-әрекеті	**Дидактикалық ойын «Адасқан цифрлар».** Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру. **Математика негіздері**	**Дидактикалық ойын «Атын атап бер»** Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Сурет салу**	**Жыл мезгілі туралы әңгімелесу** «Күз»(сурет қарастыру) Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. **Сөйлеуді дамыту**	**Жыл мезгілі туралы әңгімелесу** Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	**«Өз орныңды тап» дидактикалық ойын.** Мақсаты: Цифрлардың сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау.
Балалармен жеке жұмыс	Сюжетті ойын: **«Шаштараз»** Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. **Жапсыру** Айбек, Айлин	**«Тәулік бөліктері »** Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша	**«Оң және сол»** Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. Темірлан, Сымбат	Дидактикалық ойыны **«Шаршы құрастыр»** Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. **Құрастыру** Нұртуған, Аяла	Сюжетті ойын: **«Шаштараз»** Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. Аружан, Аяулым

		әңгіме құрайды. **Математика негіздері** Анар, Жандос			
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою.	Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.
Серуен	№13	№14	№15	№16	№17
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. **Дербес ойын:** **«Қуыршақты тамақтандыр»** Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Түрлі балалар әрекетінде (ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу ,эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) іске асырылады. **Танымдық-қимылды ойын:** **«Аңдар жүрісі»** Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. **Қоршаған ортамен таныстыру**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. Кеңес: «Бала мен қоғам» Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту.				

Тәрбиеші

Әдіскер Шоқанқызы Жәдіт

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы ЖШС «Нұр-Әли»
Топ ересек тобы «Аққу»
Балалардың жасы 4- жас
Жоспардың құрылу кезеңі 26-30 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 26.09.2022	Сейсенбі 27.09.2022	Сәрсенбі 28.09.2022	Бейсенбі 29.09.2022	Жұма 30.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балабақша туралы сұрақтар қою. **Сөйлеуді дамыту**	Әнұран айту. Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. Көк байрақтың кескінін жапсыру. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Бақша ауласындағы көкөністермен таныстыу. Жақсы көңіл күй сыйлау. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Әнұран айту. Балалармен әңгімелесу Күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын балалардан сұрау. **Көркем әдебиет**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **Сөйлеуді дамыту**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес, іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**«Жұбын тап»** ойыны **Міндеті:** Балалардың алдына екі бөлікке бөлінген жұмыртқа-ларды беріп, түстерін тауып сәйкестендіруге үйрету. **Математика негіздері «Көңілді қалам»** Балалармен бірлесіп плакатта сурет салу	**«Көңілді көліктер»** Көліктің дөңгелегін орналастыру (ұсақ қол мотори-касына арналған ойындар) **Қимылды ойын: «Жемістерді тер» Қоршаған ортамен таныстыру**	**«Көңілді бояулар» Міндеті:** Суреттерді бояу. Балаларға қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру **Сурет салу**	«Бауырсақ» ертегісі **Міндеті:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру. **Көркем әдебиет**	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойын-дарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (ұсақ қол моторика-сына арналған ойындар).

	(сурет салу)				
Таңертенгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (**қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.				
	№18	№19	№20	№21	№22
Таңғы ас	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Сөйлеуді дамыту**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
